

**«Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сот кеңсесі аппараты» ММ-не**

Жетісай аудандық сотына

Ұ С Ы Н Ы С

Сот процесінде болып жатқан көптеген істердің оңтайлы шешім табуына, сот өндірісіндегі істердің тоқтатылуына, шығындардың азаюына медиация саласының тигізер септігі мол.

«Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы осы уақыт аралығында өзінің өзектілігін дәлелдеуде. «Дау мұраты-бітім» екенін түсінген тараптар медиация тәртібімен мәселесін шешуге ынталы.

Мен мұны Жетісай аудандық сотының судьясы И.Д.Саркуловтың өндірісіндегі кезекті бір істің бітіммен шешілгенінен байқадым.

Араздасқан жандардың өткір мәселесін шешіп, істі сотқа дейін жеткізбей және сот барысында шешу кәсіби медиаторлар мен судья медиатордың жұмысы.

Сот өндірісіндегі ауыр санаттағы істер қатарына жататын ар-намыс, қадір-қасиет, іскерлік беделге нұқсан келтірілген мәліметтерді теріске шығаруды міндеттеу туралы талап қоюлардың бітіммен аяқталуы, өте сирек кездесетін құбылыс.

Ал осы орайда дауды қиуадан шауып, қисынын тауып, тағыны жетіп қайырған, судья И.Д.Саркулов нағыз бітімгер һәм қазы екен.

Соңғы рет қашан судьямен хатшының мекенжайына жақсы пікір айтқаным есімде жоқ.

Алайда, осы істе үнсіз қалуды жөн санамадым.

Сот төрелігін жүзеге асырудағы оның ішінде медиацияның аса маңыздылығын үгіт насихаттау жолында судьялармен сот қызметкерлерінің еңбегі орасан зор.

Сондықтанда осы бір ерен еңбектерін басшылықтың назарына жеткізгім келді.

Соттың жұмысы мен имиджі сот отырысы хатшысының дұрыс ұйымдастырылған жұмысына, оның жауапкершілігіне, сауаттылығына, адалдығы мен дәлдігіне байланысты.

Сонымен қатар, сот отырысының хатшысы Н.Ж.Кеңесбаев сот процесін жүйелі әрі сапалы ұйымдастырып, тараптарды күні бұрын ескертіп шақыруы, сотқа қатысушылардың толық қатысуын қамтамасыз етіп, тиісті құжаттарды уақытылы жеткізуі, сот процесінің тиімді өтуіне созбаландылыққа салынбауына өз үлесін қосты деп санаймын.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіне сәйкес сот отырысының хатшысы сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесетін, бірақ бұл

ретте сот төрелігін іске асыру жөніндегі функцияны орындамайтын және судьяны алмастырмайтын іс жүргізу тұлғасы болып табылады.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде Түркістан облысы, Жетісай аудандық сотының бас маман-сот мәжілісінің хатшысы Кеңесбаев Нұрдәулет Жанатұлы өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарап, сот отырысын сапалы әрі жүйелі түрде ұйымдастырғаны үшін ақшалай сый-сыйапатпен ынталандырып, мақтау, мадақтау марапаттармен марапаттап, өз ісінде көтермелеу шараларын қабылдауыңызды сұраймын.

Екінші мекенжайға мәлімет үшін.

Тіркелді: тізілімнен үзінді.

**«Zangerler palatasi» заң
консультанттар палатасы мүшесі**

С.Оразбаев



e.Otinish

Единая платформа приема
и обработки всех обращений
граждан

№ ЖТ-2024-03039285 өтініш

Өтініштің қабылданған күні: 01.02.2024 15:33

Өтініш адресаты: "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты"
(«Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі»)

Өтінішті алушының мекенжайы: Есіл ауданы

Өтініш беруші:

ТАӘ: ОРАЗБАЕВ САЯТ БОЛЫСБЕКОВИЧ

Өтініш:

Өтініш түрі: Арыз

Өтініш тілі: Мемлекеттік

Өтініш сипаттамасы:

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде Түркістан облысы, Жетісай аудандық сотының бас маман-сот мәжілісінің хатшысы Кеңесбаев Нұрдәулет Жанатұлы өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарап, сот отырысын сапалы әрі жүйелі түрде ұйымдастырғаны үшін ақшалай сый-сыйапатпен ынталандырып, мақтау, мадақтау марапаттармен марапаттап, өз ісінде көтермелеу шараларын қабылдауыңызды сұраймын.

Тіркелген файлдар:

1. Ұсыныс Жоғары Сотқа.doc

2. скан+скан+нов+Выписка+до+06.10.2024+ОРАЗБАЕВ САЯТ
БОЛЫСБЕКОВИЧ.pdf

Жауап алу тәсілі: eotinish.kz

Оператор:

Лауазымды адамның/Өтініш берушінің қолы:

